Әділет

# Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу, оларды тапсыру және куәліктер беру ережесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 5 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6103 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2014 № 862 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 15.01.2014 № 11 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы және "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013 № 581 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу, оларды тапсыру және куәліктер беру ережесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 04.06.2013 № 371 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2013 № 581(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 11 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) осы бұйрықты ішкі істер органдары жеке құрамының зерделеуін, сондай-ақ осы Ережеде көзделген қызметтік құжаттаманы дайындауды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ішкі істер органдарының жұмысын

ұйымдастырсын.

3. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Техникалық қызмет департаменті (С.К.Көкебаев) ішкі істер органдарының байланыс арналары бойынша көлік құралдары мен жүргізушілер куәлігіне ақпарат және мәліметтер алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (Қ.С.Тыныбеков) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары А.Ж.Күреңбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетіне (Қ.С.Тыныбеков) жүктелсін.

7. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр С. Баймағанбетов*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2010 жылғы 26 ақпандағы
№ 90 бұйрығына
1-қосымша

## Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесі

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013 № 581 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2010 жылғы 26 ақпандағы
№ 90 бұйрығына
2-қосымша

## Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесі

Ескерту. Ереженің атауы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 04.06.2013 № 371 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 1. Жалпы ережелер

1. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу, оларды тапсыру және куәліктер беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды емтихандарға жіберу, оларды тапсыру және көлік құралдарын басқару құқығына жүргізуші куәліктерін беру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 15.01.2014 № 11 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Барлық көлік құралдары олардың типіне, қажеттігіне және оларды басқару ерекшелігіне орай "А", "В", "С", "Д", "Е", трамвай, троллейбус санаттарына бөлінеді, оларды басқару құқығына тиісті бағандарда рұқсат ету белгісі соғылған бірыңғай жүргізуші куәлігі (бұдан әрі - санаттағы куәлік) беріледі.

3. "А", "В", "С", "Д" және "Е" бағандарында рұқсат ету белгісі бар жүргізуші куәлігіне ие адамдар:

"А" - мотоциклдерді, мотороллерлерді және басқа да мотокөлік құралдарын;

"В" - толық салмағы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің орнынан басқа отыратын орындар саны сегізден аспайтын автомобильдерді;

"С" - толық салмағы 3500 кг асатын жүк автомобильдерін;

"Д" - жолаушылар тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа сегіз орындықтан артық орны бар автомобильдерді;

"Е" - "В", "С" немесе "Д" санатындағы көлік құралдарына жататын және жүргізушінің оларды басқару құқығы бар тіркемелі көлік құралдарын басқара алады.

Трамвайдың жүргізушісіне тек қана трамвайды, троллейбустың жүргізушісіне тек қана троллейбусты жүргізуге рұқсат етіледі.

Жолаушылар тасымалдауға арналған автомобильдерге мыналар:

- барлық кластағы автобустар және адамдар тасымалдау үшін қайта жабдықталған және жасаушы зауыт жағдайларында сериялық тәртіппен жасалған тиісті сыйымдылықтағы автофургондар, сондай-ақ жүргізушінің орнынан басқа сегіз орындықтан артық орны бар жүк автомобильдері жатады. "В ", "С" немесе "Д" санатындағы көлік құралдарының жүргізушілеріне оларды толық салмағы 750 кг аспайтын тіркеме болғанда да басқару құқығы беріледі. Толық салмағы 750 кг асатын тіркемелері бар "С" және "Д" санатындағы көлік

құралдарын, сондай-ақ ұзартылған автобустарды, троллейбустарды басқару үшін жүргізуші куәлігінде "Е" санатына рұқсат етілген белгі болуы қажет.

4. Емтихандар қабылдауды, азаматтарға жүргізуші куәліктерін және «А», «В» , «С», «Д», «Е» санатындағы көлік құралдарын, сондай-ақ трамвайларды, троллейбустарды басқаруға жүргізушілерге рұқсаттар беруді Қазақстан Республикасы ІІМ жол полициясының тіркеу-емтихан бөліністері (бұдан әрі – ТЕБ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1671 қаулысымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 04.06.2013 № 371 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

жүргізуші куәлігі – уәкілетті мемлекеттік орган жүргізушіде қажетті білім мен дағдылардың бар-жоғын тексергеннен кейін берген көлік құралын басқару құқығын растайтын құжат;

емтихан пункті – заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жатқызылған, көлік құралдарын басқаруға жіберу бойынша заңдық рәсімдерді жүзеге асыратын ІІО бөлімшелері;

емтихан комиссиясы – көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау бағдарламалары бойынша көлік құралын басқару құқығын алу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген Жол қозғалысы қауіпсіздігі ережесін (бұдан әрі – ЖҚЕ) білуіне емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін аумақтық ішкі істер органының бұйрығымен бекітілген комиссия.

оқу ұйымы – көлік құралдарының жүргізушілерін даярлаумен және қайта даярлаумен айналысатын ұйым.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 04.06.2013 № 371 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлауды және қайта даярлауды меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

7. Осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау бойынша оқу курстарын бітіру туралы куәлік" жүргізушілердің даярлықтан және қайта даярлықтан өткенін растайтын құжат болып табылады.

## 2. Көлік құралдарын басқару құқығын алу тәртібі

8. Емтиханға:

1) «А», «В», «С», «Д», «Е» санатындағы көлік құралдарын, трамвайларды, троллейбустарды басқару құқығын алуға ниет білдірген, оқу ұйымдарында толық даярлық курсынан, ал оқу басталғанға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) сәйкес № 083/е нысан бойынша анықтама (бұдан әрі – 083-у нысаны бойынша медициналық анықтама) ұсына отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 709 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5898 болып тіркелген) сәйкес медициналық куәландырудан өткен адамдар;

2) "А" және "В" санатындағы көлік құралдарын басқару құқығына куәлік алу үшін тиісті бағдарламалардың көлемінде өз бетінше дайындалған және көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау және қайта даярлау жөніндегі ұйымдар жоқ жерлерде тұратын адамдар;

3) дипломның көшірмесін, семестрлық және емтихан ведомостерінен үзінділерді, дипломға қосымшаларды ұсынған және ТЕБ-те сұрақтар қойылған санаттар бойынша теориялық және практикалық емтихан тапсырған жағдайда "А " және "В" санаттарына жататын көлік құралдарын басқару құқығын беру үшін автомобиль-трактор мамандығы бойынша жоғары және арнайы орта оқу орындарын бітірген адамдар жіберіледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 04.06.2013 № 371 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Көлік құралдарын басқару құқығын алу үшін ТЕБ-те емтихан тапсыруға, көлік құралдарын басқару құқығына куәлік алуға тұрақты тұратын жері, растайтын құжаттар бар болған жағдайда 6 айдан астам мерзімде уақытша тұратын жері бойынша тіркелген адамдар, сондай-ақ келген жері бойынша ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген шетелдік азаматтар жіберіледі.

Барлық әскер түрлерінің мерзімді қызмет әскери қызметшілері емтихандарға әскери бөлімдердің орналасқан жері бойынша жіберіледі.

10. "А", "В", "С", "Д" санаттарына жататын көлік құралдарын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігі ТЕБ-де теориялық және практикалық емтихан, "Е" санатына – практикалық емтихан, ал трамвай немесе троллейбусты басқару құқығына - теориялық емтихан тапсырған адамдарға беріледі.

Теориялық емтихан кезінде ЖҚЕ-ні білуі, алғашқы медициналық көмек көрсете білуі тексеріледі. Көлік құралдарын жүргізу дағдылары бойынша практикалық емтихан теориялық емтиханды табысты тапсырғаннан кейін екі кезеңде: біріншісі - автодромда, екіншісі - елді мекеннің көше-жол торабында өткізіледі.

11. Көлік құралдарын басқару құқығы мыналарға берілуі мүмкін:
- он алты жасқа толғандарға - мотоциклдерді, мотороллерлерді және басқа да мотокөлік құралдарын жүргізуге ("А" санаты);
- он сегіз жасқа толғандарға:
рұқсат етілген салмағы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің орындығын қоспағанда, отыратын орны сегізден аспайтын автомобильдерді;
рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг асатын автомобильдерді ("С" санаты) жүргізуге;
- жиырма бір жасқа толған, кем дегенде үш жыл жүргізуші өтілі бар, оның ішінде «С» санатына жататын көлік құралдарын кем дегенде бір жыл басқару өтілі бар адамдарға - «Д» санатындағы көлік құралдарын басқару құқығына жүргізуші куәлігін, сондай-ақ троллейбустар мен трамвайларды басқару құқығын алуға;
- көлік құралының санатына сәйкес келетін кемінде он екі ай басқару өтілі бар болған жағдайда, "В", "С" немесе "D" санаттарындағы көлік құралдарын басқару құқығы бар адамдарға тіркемелі көлік құралдарын жүргізуге ("Е" санаты).

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.05.08 № 394 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

12. "D" санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы белгіленген бағдарламалар бойынша даярлықтан өткен және теориялық емтихан тапсырған адамдарға беріледі.

13. "А" санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы "В", "В,С", "С", "В,С, Д", "Д" санаттарындағы жүргізуші куәлігі бар жүргізушілерге практикалық емтихан тапсырғаннан кейін берілуі мүмкін. "В" санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы "С", "В,С,Д", "Д" санаттарындағы жүргізуші куәлігі бар жүргізушілерге тіркеу-емтихан бөлімшелерінде практикалық емтихан тапсырғаннан кейін берілуі мүмкін.

14. Көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамдарға басқару құқығы теориялық және практикалық емтихандар тапсырғаннан кейін қайта қалпына келтіріледі. Бұл ретте практикалық емтихан жүргізуші басқару құқығынан айырылған көлік санатынан жоғары көлік құралында қабылданады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 04.06.2013

№ 371 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Жүргізуші куәлігін берудің алдында көлік иесі іздестіруде болу тұрғысынан "Іздестіру" есептері бойынша тексеріледі.

## 3. Емтихан қабылдау және жүргізуші куәлігін беру тәртібі

16. Көлік құралдарының барлық санаттарын басқару құқығына теориялық және практикалық емтиханды ТЕБ-тің емтихан комиссиясы қабылдайды.

17. Теориялық емтихан қабылдау жөніндегі емтихан комиссияның құрамында кемінде үш адам болуы тиіс. Комиссияның құрамын ТЕБ бастығы тағайындайды, оған:

ТЕБ қызметкері (комиссия төрағасы);

жүргізушілерді даярлаумен айналысатын оқу орындарының, көліктік, қоғамдық ұйымдардың өкілдері (комиссия мүшелері) кіруі тиіс.

Емтихан комиссиясының құрамына емтихан тапсыратын топты даярлауды жүзеге асыратын оқытушыны және өндірістік оқыту шеберін енгізуге рұқсат етілмейді.

18. Емтихан комиссиясының мүшелері ЖҚЕ-ні, емтихан қабылдаудың әдістемесін білуі тиіс және олардың:

- автомобиль мамандығы бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі;

- олар емтихан алатын санат бойынша жүргізуші куәлігі;

- кемінде үш жыл жүргізуші өтілі болуы керек.

Оқу ұйымдарында оқитын адамдардан емтихан қабылдау емтихан комиссиясының орналасқан жері бойынша алдыңғы айдың 25-інен кешіктірмей ТЕБ-ке берілген өтінімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

19. Көлік құралдарын басқару құқығына жүргізуші куәлігін алу үшін жүргізушілікке үміткер жол полициясының бөлімшесіне:

1) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізуші куәлігін беруге арналған бланкіге толтырылған өтінішті;

2) жеке куәлігін;

3) курстарды бітіргені туралы куәлікті және оның көшірмесін (жеке тәртіпте даярлықтан өткен адамдарды қоспағанда);

4) 083-у нысаны бойынша медициналық анықтама;

5) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізуші карточкасын;

6) Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексімен белгіленген мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжатты;

7) тұрақты немесе уақытша тұрғылықты орны бойынша тіркелгенін

растайтын құжатты

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 04.06.2013 № 371 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Жүргізуші куәлігін алу құқығына емтихан тапсырмас бұрын жүргізуші карточкасы толтырылады, ол жеке куәлікпен бірге емтихан комиссиясына ұсынылады.

21. Емтихан мынадай ретпен: бірінші теориялық, содан кейін практикалық емтихан өткізіледі. Теориялық емтихан тапсырмаған адам практикалық емтиханға жіберілмейді.

22. Оқу ұйымдарында көлік құралдарын басқару құқығына даярлықтан өткен және емтихан тапсыра алмаған адамдар үшін емтихан екінші рет кемінде 7 тәуліктен кейін, ал 8-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін кемінде 10 тәуліктен кейін өткізіледі.

Тұрғылықты жерін ауыстыратын немесе әскери қызметке, оқуға, ұзақ мерзімді іссапарға (3 айдан астам) кететін және емтихан тапсыра алмаған адамдар растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, оларға емтихан екінші рет кемінде 3 тәуліктен кейін тағайындалуы мүмкін.

Қалған басқа жағдайларда (жүргізуші куәлігін жоғалту, көлік құралын басқару құқығынан айырғаннан кейін) емтихан тапсыру мерзімі реттелмейді, бірақ ол бір тәуліктен кем болмауы керек.

Теориялық емтиханда алынған оң баға үш ай ішінде жарамды болып саналады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін көлік құралын басқару құқығын алуға үміткер қайтадан теориялық емтихан тапсырады.

23. ЖҚЕ бойынша емтихан нәтижелері емтихан карточкаларының негізінде осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған емтихан қабылдауға қатысқан комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды.

24. Теориялық және практикалық емтихандарды тапсырған адамдарға хаттама негізінде жүргізуші куәліктері жазылады, оның сериялары мен нөмірлері өсу тәртібімен осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес жүргізуші куәліктерін беру тізіліміне, сондай-ақ жүргізуші карточкасына енгізіледі.

25. Жүргізуші куәлігін беру негізділігі мен оны толтыру дұрыстығы емтихан комиссиясының төрағасы тексергеннен кейін жүргізуші карточкасында қолмен және мөрмен расталады.

26. Жүргізуші куәлігі он жылға беріледі (бұл туралы "... дейін жарамды" немесе "Ерекше белгілер үшін" бағандарында тиісті жазба жазылады), сол мерзім аяқталған соң ол осы Ережеде белгіленген тәртіпте айырбастауға жатады.

Жүргізуші немесе медициналық қайта куәландыру мерзімдерінде шектеуі бар адам шетелге шыққан кезде жүргізуші куәлігіне өзге мерзім көрсетіледі.

27. Трамвайды, троллейбусты басқару құқығына рұқсат алу кезінде жүргізуші куәлігінің "Ерекше белгілер үшін" бағанында көлік құралының тиісті санаты көрсетіле отырып, жазба жазылады. Осы бағанға басқа да шектеулер мен ұйғарымдар қойылуы мүмкін.

28. Басқа санаттағы көлік құралын басқару құқығына рұқсат алу кезінде жүргізуші куәлігі жаңа куәлікке ауыстырылып, оған бұрынғысындағы қажетті белгілер көшіріліп жазылады.

29. Жүргізуші куәліктері олардың иелеріне жеке куәлігін ұсынғаннан кейін жүргізуші куәліктерін беру тізіліміне қол қойып немесе сенімхат бойынша басқа адамдарға беріледі.

30. Бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан және сот көлік құралын басқару құқығынан айырмаған адамдардан алынған жүргізуші куәліктерін еңбекпен түзеу мекемесі әкімшілігінің қолдаухаты бойынша жазасын өтеп жатқан жердегі ЖП бөлімшесі күшіне енген үкімнің негізінде қайтарады.

## 4. Жүргізуші куәліктерін ауыстыру және жоғалғандарының орнына беру, сондай-ақ оларды шетел азаматтарына ауыстыру және беру тәртібі

31. Жүргізуші куәлігі 3-тармақшаны қоспағанда, осы Ереженің 19-тармағында санамаланған тармақшалардың негізінде ауыстырылады.

32. Жүргізуші куәлігін жаңа куәлікке ауыстырған кезде оның "Ерекше белгілер үшін" бағанына бұрынғы куәліктің сериясы, нөмірі және берілген күні жазылады.

33. Жүргізуші куәлігін жоғалтқан жағдайда, "Телнұсқа" белгісі бар жаңа жүргізуші куәлігін тұрғылықты жері немесе жаңадан тұратын жері бойынша тіркелген азаматтарға осы Ереженің 19-тармағында санамалаған құжаттардың негізінде ЖП бөлімшесі береді, бұл ретте басқа облыста тұратын адамдар үшін бұрынғы жүргізуші карточкасы іске тігіледі, оның орнына жоғалған жүргізуші куәлігінің деректемелерін көрсете отырып, жаңа куәлік беріледі. Басқа мемлекеттердің азаматтары үшін жүргізуші куәліктері бұрын тұрған жері бойынша жүргізуші куәлігін бергенін растағаннан кейін сол негіздерде беріледі. Жүргізуші куәліктерінің телнұсқаларын әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жүргізуші куәлігін алу немесе сот шешімінің негізінде айыру тұрғысынан тексергеннен кейін ТЕБ қызметкерлері береді.

34. Жүргізуші куәлігі жоғалған жағдайда оны қалпына келтіру кезеңінде осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір айға дейінгі мерзімге уақытша жүргізуші куәлігі беріледі. Сұрау салулар жіберген және оларға жауап алған, куәлікті жоғалтуға байланысты жекелеген мән-жайларды анықтаған жағдайда уақытша жүргізуші куәлігі қосымша 30 тәулікке дейінгі мерзімге ұзартылады.

35. Уақытша жүргізуші куәліктері жүргізуші куәліктері берілгеннен кейін материалдарға тігіледі.

36. Халықаралық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын басқаруға жарамды.

1968 жылғы 8 қарашадағы Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына сәйкес келетін шетел азаматтарының ұлттық жүргізуші куәліктері олардың нотариалды расталған аудармасы болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында жарамды.

37. Егер халықаралық келісімдерде өзгеше түсініктеме берілмесе, Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына сәйкес келмейтін ұлттық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасының аумағында міндетті түрде ауыстыруға жатады.

Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жүргізуші куәліктерін айырбастау жүргізуші куәліктерінің түпнұсқалары мен олардың мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде нотариалды расталған аудармасын, ішкі істер органдарында тіркелген паспортын жол полициясының бөлімшелеріне ұсыну негізінде, медициналық куәландырудан өткеннен кейін және ТЕБ-де теориялық және практикалық емтиханды тапсырған соң жүзеге асырылады. Бұл ретте ұлттық жүргізуші куәлігінде рұқсат етілген және осы ережелердің 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін санаттағы көлік құралдарын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігі шығу құжаттарының әрекет ету мерзіміне беріледі. Ұлттық жүргізуші куәлігі ТЕБ-те сақталады және оның иесі Қазақстан Республикасынан тыс жерге шыққан кезде оның өтініші бойынша және бұрын берілген Қазақстан Республикасының жүргізуші куәлігін тапсырғанда қайтарылады.

38. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарда ұлттық жүргізуші куәліктері болмаған жағдайда егер олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімі 6 айдан асатын болса, Қазақстан Республикасының жүргізуші куәліктері оларға жалпы негіздерде беріледі.

39. Шетелде Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына сәйкес келетін сол елдің жүргізуші куәліктерін, сондай-ақ халықаралық жүргізуші куәліктерін алған Қазақстан Республикасының азаматтары медициналық куәландырудан өткеннен кейін және ТЕБ-ке расталған аудармасы бар көрсетілген жүргізуші куәліктерін ұсынғаннан кейін оларды Қазақстан Республикасының тиісті жүргізуші куәліктеріне айырбастай алады.

40. Шетелде Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына сәйкес келмейтін сол елдің ұлттық жүргізуші куәлігін алған Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының тиісті жүргізуші куәлігі медициналық куәландырудан өткеннен кейін, расталған аудармасы бар

ұлттық жүргізуші куәліктерін ТЕБ-ке ұсынғаннан кейін және теориялық және практикалық емтиханды тапсырғаннан кейін беріледі.

41. Мемлекеттік не орыс тілін білмейтін шетел азаматтары теориялық емтихан тапсыруға білікті аудармашылардың қатысуымен жіберіледі, олар туралы мәліметтер комиссияның хаттамасына енгізіледі.

## 5. Көлік құралдарын басқару құқығын алу үшін емтихандар өткізу және тапсыру тәртібі

Ескерту. 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 15.01.2014 № 11 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### § 1. Жалпы ережелер

42. Емтихан осы Ережеде көзделген тәртіппен адамға (бұдан әрі – жүргізушілікке үміткер) көлік құралын басқару құқығын алуға жүргізуші куәліктерін беру мүмкіндігін айқындау мақсатында өткізіледі.

Емтихан тапсыруға бірінші рет жіберілген, көлік құралдарының басқа да санаттарын басқару құқығын алуға ниет білдірген адамдар, сондай-ақ өзге де адамдар жүргізушілікке үміткер болып есептеледі.

43. Жүргізушілікке үміткердің алған бағалары осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес және теориялық емтихан тапсыру хаттамасына сәйкес емтихан парағына жазылады.

### § 2. Теориялық емтиханды өткізу

44. Емтихан теориялық білімді тексеру және көлік құралдарын басқару құқығын беру мақсатында өткізіледі.

45. Теориялық емтиханды өткізу кезінде жүргізушілікке үміткердің мыналарды:

1) ЖҚЕ-ны және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қаңтардағы № 1650 қаулысымен бекітілген Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережені (бұдан әрі – көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелер) және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі лауазымды тұлғалардың міндеттерін;

2) көлік құралдарын қауіпсіз басқарудың техникалық аспектілерін;

3) жол-көлік оқиғаларының туындауына ықпал ететін факторларды, жай-күйі жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсер ететін көлік құралы конструкциясының элементтерін;

4) жол-көлік оқиғаларында зардап шеккен адамдарға дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету әдістерін білуі тексеріледі.

46. Емтихан компьютерлік кешендерді пайдалану арқылы өткізіледі. Сұрақтар көлік құралдарының тиісті санаттары үшін блоктарға топтастырылған:

1) 1-блок ("А" және "В") - "А", "В" санатындағы көлік құралдарына жүргізушілікке үміткерлер үшін;

2) 2-блок ("С", "Д" және "Е") - "В-С", "С", "Д", "Е", "трамвай" және " троллейбус" санатындағы көлік құралдарына жүргізушілікке үміткерлер үшін.

47. Әрбір блок 40 сұрақтан тұрады. Әрбір сұраққа бірнеше жауаптар берілген, оның ішінде біреуі дұрыс.

48. Емтиханды өткізу нысаны - жеке. Емтихан бір ғана адамнан және жүргізушілікке бірнеше үміткерлерден бір уақытта қабылдануы мүмкін.

49. Теориялық емтихан білімді бағдарламаландырылған бақылау әдісі арқылы қабылданады.

50. Сұрақтар блогына жауап беру үшін жүргізушілікке үміткерге 40 минут беріледі. Көрсетілген уақыт аяқталған соң емтихан тоқтатылады.

51. Уақыт хронометражын емтихан басталған сәттен бастап компьютерлік кешен жүргізеді.

52. Билет сұрақтарына жауап беру ретін көлік құралын басқару құқығын алатын адамның өзі таңдайды.

53. Емтихан көлік құралын басқару құқығын алатын адам мен емтихан алушының жұмыс орны жабдықталған үй-жайда (емтихан класында) өткізіледі. Емтихан класының жабдықталуы мен орналасуы емтихан алушының жүргізушілікке үміткерлердің іс-әрекеттерін бақылап отыруға мүмкіндік беретіндей болуы тиіс.

54. Емтихан алушы көлік құралын басқару құқығын алатын адамды емтихан өткізудің нысанымен, әдістерімен және тәртібімен, автоматтандырылған орталықтың бағдарламасымен жұмыс істеу тәртібімен таныстырады, бағалау жүйесін түсіндіреді.

55. Емтиханды өткізу кезінде емтихан алушы жүргізушілікке үміткерге көрсетілген автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі - АЖО) отыруды ұсынады. Кешен жүргізушіге үміткердің АЖО қосылған емтихан алушының орталық пультінен (бұдан әрі - ОП) тұруы керек. Әрбір АЖО пернетақтамен және монитормен жабдықталады.

Емтихан басталар алдында мониторда АЖО-ның нөмірі, басқару құқығын алу үшін емтихан тапсырылатын көлік құралының санаты, сондай-ақ осы АЖО-ға белгіленген жүргізушілікке үміткердің тегі, аты, әкесінің аты жазылады. Көрсетілген ақпаратты енгізу емтихан алушының ОП-сынан жүзеге асырылуы тиіс.

Емтихан қабылдау бөлімшесінде емтихан қабылдаудың және жүргізуші куәліктерін берудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесі жұмыс істеген жағдайда ақпараттарды енгізу инспектордың АЖО-сынан жүргізулікке үміткерге белгіленген құжаттарды қабылдау кезеңінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Емтихан сұрақтарының блогы жүргізушілікке үміткер АЖО пернетақтасындағы тиісті батырманы басқаннан кейін ғана қалыптасады және монитор экранына шығарылады.

Емтихан барысында жүргізушілікке үміткердің АЖО мониторының экранында блоктың бірінші сұрағы және емтихан соңына дейінгі қалған уақыт көрсетіледі.

Монитор экранындағы сұрақтардың графикалық бейнелері Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Жол полициясы комитеті бекіткен емтихан блоктары сұрақтарына сәйкес бейнелермен бірдей болуы керек.

Жүргізушілікке үміткерде сұрақтарға жауап берудің ретін өзі таңдау мүмкіндігі болуы тиіс.

Емтихан барысында клавиштерді байқамай басып қалумен байланысты қақтығыс жағдайларын болдырмау үшін жүргізушілікке үміткер өзі таңдаған жауапты тиісті клавишті қайта басу арқылы қайталауы керек.

Емтиханның нәтижесі, сондай-ақ сұрақтарға берілген жауаптардың дұрыстығы туралы ақпарат жүргізушілікке үміткердің АЖО мониторының экранында барлық сұрақтарға жауап беріп болғаннан кейін ғана не болмаса белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін ғана көрінеді. Экранға бір уақытта таңдалған және дұрыс жауаптардың нөмірлері бар емтихан парағы, сондай-ақ емтиханға жұмсалған уақыт шығады.

Емтихан аяқталғаннан кейін жүргізушілікке үміткердің АЖО-сында оған ұсынылған сұрақтарды, сондай-ақ оның таңдаған жауаптарды шығару мүмкіндігі қарастырылған.

Емтиханның нәтижесі жүргізушілікке үміткердің АЖО-сынан емтиханның хаттамасы мен емтихан парағын шығару үшін емтихан алушының ОП-сына берілуі керек.

Емтихан алушының ОП-сы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелерінде пайдаланылатын деректер базасымен байланысу мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Емтихан алу барысында автоматтандырылған кешенде ақау анықталған жағдайда, жүргізушілікке үміткерге қойылған баға жойылады және емтихан қайта өткізіледі.

56. Емтихан нәтижелері қойылған емтихан парағына емтихан алушы қол қояды.

57. "ТАПСЫРДЫ" деген баға жүргізушілікке үміткер белгіленген уақытта

кемінде 32 сұраққа дұрыс жауап бергенде қойылады. Олай болмаған жағдайда жүргізушілікке үміткерге "ТАПСЫРҒАН ЖОҚ" деген баға қойылады.

58. Егер сұрақтарға жауап беру кезінде жүргізушілікке үміткер қандай да болмасын әдебиетті, техникалық құралдарды пайдаланса немесе басқа адамдармен сөйлессе, емтихан тоқтатылады және үміткерге "ТАПСЫРҒАН ЖОҚ " деген баға қойылады.

## § 3. Практикалық емтиханды өткізу

59. Емтихан жүргізушілікке үміткердің накты жол қозғалысы жағдайларында не болмаса Ережеде көзделген жағдайларда нақты санаттағы көлік құралын басқару дағдыларын тексеру және емтиханның екінші кезеңіне жіберу мүмкіндігін айқындау, жүргізуші куәлігін беру мүмкіндігі туралы шешім шығару мақсатында өткізіледі.

60. Практикалық емтиханның бірінші кезеңін өткізу кезінде жүргізушілікке үміткердің төмендегідей іс-әрекеттері, іскерліктері мен дағдылары:

1) көлік құралдарын басқару тетіктерін пайдалануы;

2) артқы көрініс айнасын пайдалануы;

3) орнынан қозғалуы;

4) шектелген кеңістікте алғы және артқы жүріспен маневр жасауы;

5) маневрдың оңтайлы траекториясын жасауы;

6) арақашықтық пен интервальді, көлік құралының габариттік параметрлерін бағалауы;

7) берілістерді ауыстырып қосуы;

8) белгілеген жерде тоқтауы;

9) көлік құралын жүретін жолдың жиегіне паралель тұраққа қоюы;

10) артқы жүріспен бокске кіруі;

11) шектелген кеңістікте алғы және артқы жүріспен 180 С-қа бұрылуы;

12) мотоциклді бір қолмен басқаруы;

13) мотоциклмен тақтай жол үстінен өтуі;

14) мотоциклді төменгі жылдамдықта басқаруы;

15) көлік құралы құрамының тіке артқы жүріспен қозғалуы;

16) көлік құралының құрамын артқы бортпен платформаға қоюы тексеріледі.

61. Практикалық емтиханның бірінші кезеңі қозғалыстан жабық алаңқайда немесе автодромда (бұдан әрі - алаңқай) көлік құралының нақты санатына арналған сынақ жаттығуларының кешені бойынша өткізіледі.

62. Сынақ жаттығуларының кешендері мыналардан:

1) "А" санатындағы көлік құралдарына жүргізушілікке үміткерлер үшін мынадай 3 жаттығудан тұрады:

1-жаттығу – "габаритті коридор", "габаритті жарты шеңбер", "жылдамдықты үдету-тежеу";

2-жаттығу – "жыланшық", "тақтай жол", "төменгі жылдамдықта басқару";

3-жаттығу – "габаритті сегіздік".

Бүйір тіркемесі бар мотоциклде емтиханды қабылдау кезінде мынадай элементтерден тұратын бір сынақ жаттығуы орындалады: "жыланшық" (адым: 5 метр, коридор ені 5 метр); "габаритті сегіздік" (шеңбердің сыртқы диаметрі: 8 метр, шеңбер орталықтарының арасындағы арақашықтық: 6,5 метр), " жылдамдықты үдету-тежеу";

2) "В", "С" және "Д" санатындағы көлік құралдарына жүргізушілікке үміткерлер үшін үш жаттығу бойынша үш нұсқа:

1-нұсқа: 4-жаттығу – "өрге шығарда тоқтау және қозғалу"; 5-жаттығу – " артқы жүріспен паралельді қою"; 6-жаттығу – "жыланшық";

2-нұсқа: 4-жаттығу – "өрге шығарда тоқтау және қозғалу"; 5-жаттығу – " артқы жүріспен паралельді қою"; 7-жаттығу – кері бұрылу;

3-нұсқа: 4-жаттығу – "өрге шығарда тоқтау және қозғалу"; 6-жаттығу – " жыланшық"; 8-жаттығу – "бокске кіру".

Емтихан өткізілетін нұсқаны емтихан алушы таңдайды және жүргізушілікке үміткерлерге практикалық емтихан бастамас бұрын тікелей хабарлайды;

3) "Е" ("В+Е", "С+Е", "Д+Е") санатындағы көлік құралдарына жүргізушілікке үміткерлер үшін мынадай екі жаттығу ұсынылады:

9-жаттығу – "платформаға артқы бортпен қою";

10-жаттығу – "артқы жүріспен тіке қозғалу".

63. Емтихан тапсыратын көлік құралына бейімделу үшін (егер даярлық басқа көлік құралында өткізілсе) жүргізушілікке үміткерге кемінде 2 минут уақытта алаңқай шегінде сынау жүрісі құқығы ұсынылады. Бұл ретте емтихан тапсыратын көлік құралында оның иесі ("А" санатындағы көлік құралдарын қоспағанда) қатысуы тиіс. Сынау жүрісі барысында жіберілген қателіктер хаттамаға жазылмайды және емтиханның нәтижесіне әсер етпейді.

Сынау жүрісін орындағаннан кейін жүргізушілікке үміткер өзінің дайын еместігі туралы хабарлап, емтихан тапсырудан бас тарта алады. Мұндай жағдайда оның орындағаны практикалық емтихан тапсыруға әрекет жасау ретінде есепке алынбайды.

64. Емтиханды өткізу нысаны - жеке. Емтихан бір ғана адамнан және жүргізушілікe бірнеше үміткерлерден бір мезгілде қабылдануы мүмкін.

65. Бірінші кезең - практикалық емтиханды қозғалыстан жабық алаңда немесе автодромда өткізу.

Практикалық емхиханның бірінші кезеңі екі әдістің біреуі арқылы өткізіледі:

1) бір жүргізушілікке үміткер кешенде көзделген барлық жаттығуларды белгі

бір ретпен орындап шығады. Осы жағдайда жүргізушілікке үміткер қозғалтқышты өшірместен емтихан алушыға бір жаттығуды аяқтағаны және келесісін орындауға дайын екенін хабарлайды;

2) бірнеше жүргізушілікке үміткер кешенде көзделген бір жатығуды кезекпен орындайды, содан кейін келесі жаттығуды орындауға кіріседі.

Емтиханды өткізу әдісі емтихан алушы бөлімшенің техникалық жарақталуына, алаңқайдың жабдықталуы мен көлеміне, емтихан алушылар санына, емтихан тапсырушылар мен емтиханда қолданылатын көлік құралдарына байланысты таңдалады.

66. Көлік құралының нақты санатына арналған кешенде көзделген жаттығуларды орындау ретін емтихан алушы белгілейді.

67. Жаттығулар механикалық трансмиссиясы бар көлік құралында ғана орындалады.

68. Көлік құралы ЖҚЕ және Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Көлік құралы жаттығуларды орындамас бұрын жаттығу басталатын аймақта орналастырылуы, қозғалтқыштың қыздырылуы және өшірілуі, берілістерді ауыстырып отыру қорабының иінтірегі бейтарап қалыпта, тұрақтық тежегіші қосулы болуы тиіс.

69. Емтихан мынадай талаптарға жауап беретін алаңқайда өткізіледі:

1) алаңқай жаттығулар сызбаларына сәйкес жарақталуы тиіс;

2) "Өрге көтерілу кезінде тоқтау және қозғалу" 4-жаттығу үшін жол эстакаданы пайдалануға болмайды;

3) еңкіш учаскеде 8-16 % шамасында бойлық еңісі болуы тиіс;

4) алаңқайдың (оның ішінде еңкіш учаскеде) жамылғысы уақытына байланысты тұрақты тегіс және үстінің жұмсақ болуы;

5) доңғалақты алаңқай (оның ішінде еңкіш учаскенің) жамылғысымен жабысу коэффициенті 0,4-тен төмен болмауы тиіс.

